



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Жүргізушілер жол-көлік оқиғасын полициясыз ресімдей алады

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтар ұсақ жол-көлік оқиғалары кезінде полицияның және соттың қатысуынсыз жеңілдетілген тәртіпте сақтандыруды ресімдей алады. Бұл үшін мемлекет «Еурохаттама» арнайы мобильді қосымшасын әзірледі.

Қосымшаның көмегімен жүргізушілер өздері жол-көлік оқиғалары фактісін тіркеп, сақтандыру компанияларына материалдық залалды өтеуге өтінім береді.

«Еурохаттама» арқылы жол-көлік оқиғаларын ресімдеудің міндетті үш шарты бар:

1) Жол-көлік оқиғасына екі көлік құралы ғана қатысқан кезде;

2) Жүргізушілердің қолданыстағы сақтандыруы болуы қажет. Сондай-ақ кім кінәлі, ал кім зардап шегуші екенінде келіспеушіліктер болмаған кезде;

3) Апат салдарынан денсаулыққа залал келтірілмесе, ал көлікке келтірілген шығын сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ол 369 мың теңге.

«Осындай тәртіпте жол-көлік оқиғасын ресімдеу үшін мобильді телефонға «Еурохаттама» қосымшасын қосып

алып, тіркелу рәсімін жүргізіп, оқиғаның фото және бейне-материалдарын салу керек. Қосымшаны тиімді пайдалану мақсатында жол-көлік оқиғасының қатысушылары жақын жердегі полиция нарядына жүгіне алады, олар оны пайдалану кезінде көмек көрсетеді. «Еурохаттаманың» артықшылығы неде:

Біріншіден. Азаматтар ұсақ жол-көлік оқиғаларын ресімдеу үшін полицияны күтпейді, осылайша жолдардағы кептеліс жағдайлары төмендейді.

Екіншіден. Жеңілдетілген тәртіппен тіркелген жол-көлік оқиғасы кезінде жүргізушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

Үшіншіден. Сақтандыру төлемдерінің мерзімі қысқарады. Егер бұрын осының бәрі 30-дан 90 күнге дейін уақытты алса, қазір хаттама тіркеу сәтінен бастап төлемді алуға шамамен бес күн кетеді.

«Жүргізушілерді жол жүрісі қағидаларын сақтауға және жол-көлік оқиғаларын болдырмауға шақырамыз», деді ҚР ІІМ ӘПК ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Қуаныш Тілекбаев.



## Президент Мәжілістің 2023 жылы атқарған жұмыстарына оң баға берді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Мемлекет басшысына Мәжілістің заң шығару қызметі туралы егжей-тегжейлі баяндалды.

Ерлан Қошановтың айтуынша, сессия басталғалы бері 35 заң қабылданып, Сенатқа жолданған. «Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасының жүзеге асырылуын, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану, бизнес жүргізу, тәлімгерлік пен балалардың қауіпсіздігі, денсаулыққа зиян келтіретін жәмыс орындарында еңбек ететін азаматтарды арнайы төлемақымен қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін құжаттар қабылданған. Қазіргі уақытта депутаттардың қарауында 69 заң жобасы жатыр. Оның үштен бір бөлігіне Мәжіліс депутаттары өздері бастамашы болған. Президенттің тапсырмасымен Бюджет кодексі, халықтың тым көп не-

сие алуын төмендету, тұрғын үй саясаты, мемлекеттік сатып алу, ғылым және технологиялық саясат, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, жылу энергетикасы, масс-медиа, адам саудасына қарсы іс-қимыл және басқа да заң жобалары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Өте маңызды заң жобалары Қоғамдық палатаның отырыстарында талқыланды.

Мемлекет басшысына Мәжіліс депутаттары халықтың қаржылық сауатын арттыру үшін парламенттік тыңдау, медициналық сақтандыру жүйесін дамыту, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және сауда саясатын жетілдіру мақсатында үкімет сағаттарын өткізгені жөнінде мәлімет берілді.

Сонымен қатар Мәжіліс спикері партиялық фракциялар мен бір мандатты депутаттар белсенділігінің артуы Парламенттегі пікірталас

деңгейін көтергенін атап өтті. Депутаттар жылдың алғашқы күнінен бастап сайлаушылармен кездесу және халықтың тұрмысын жақсарту жөніндегі Президент тапсырмаларының орындалуына бақылау жүргізу үшін өңірлерге аттанды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Палата депутаттарының парламенттік дипломатия аясындағы қызметі де таныстырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Мәжілістің 2023 жылы атқарған жұмыстарына оң баға берді. Президенттің айтуынша, қабылданған заңдар халықтың тұрмыс сапасын арттыруға тікелей ықпал етеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық жаңғыру бағдарына қатысты негізгі шараларды жүзеге асыруды көздейтін заңдарды қабылдау қажет екеніне назар аударды.

## Жемқорлардан қайтқан қаржыға 43 мектеп салынды

2023 жылдың қорытындысы бойынша жемқорлардан тәркіленген қаражыға салынған 43 мектеп ашылды. Осылайша, елімізде үш апатты және 13 үш ауысымды мектеп мәселесі шешілді.

«Өңірлерде жаңа білім беру

ландырылды. Жобалардың жалпы сомасы 96 млрд теңгеден асты. Қаражат жергілікті атқарушы органдардың шоттарына түскен, делінген ақпаратта.

Жалпы, қордың қызмет ету мерзімі ішінде 150 млрд



нысандарын іске қосу нәтижесінде тағы 54,4 мың жаңа оқушы орны пайдалануға берілді. Атап айтсақ, Алматы және Түркістан облыстарында – 8 мектептен, ал елордада – 10 мектеп. «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен барлығы 76 738 оқушыға арналған 62 мектептің құрылысы қаржы-

теңгеден астам қаражат түсті. Олар мектептерді, қосымша ғимараттар мен интернаттарды қайта жаңартуға, сондай-ақ үш ауысымды оқыту, апатты мектептер мәселесін шешуге және оқушы орындарының тапшылығын жоюға жұмсалды.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Қолма-қол ақша талап еткен кәсіпкерлерге қомақты айыппұл салынады

Кәсіп иесінің есепшотына 3 айда 100-ден аса мобильді аударым келіп түссе арнайы салық төлеуге міндеттелетіні белгілі болғалы бизнесмендер тұтынушыдан қолма-қол ақша талап етуге көшкен. Алайда Мемлекеттік кірістер комитеті сатып алушыға еркінен тыс қолма-қол төлемді талап еткендер қомақты айыппұл арқалайтынын айтты.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап кәсіпкерлер электронды төлемнен бас тартып жатыр. Көпшілік кәсіпкерлердің бұл ісіне наразылығын білдіріп отыр.

Кез келген кәсіпкер несие картасы немесе QR арқылы төлем қабылдамай қолма-қол сатып алуды сұраса, алдымен ескерту беріледі. Келесі рет қайталанса 150 мың теңге шамасында айыппұл салынады.



«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңның нормалары банк картасы, QR-төлем немесе қолма-қол ақшамен төлеу тәсілдерін көздейді (25-бап). Кәсіпкерлерге төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдаудан бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған: бірінші рет ескерту, тәртіпті қайталап

бұзған жағдайда - 147 680 теңге (40 АЕК\*) мөлшерінде айыппұл салынады», делінген Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінде.

Айта кетейік, осы жылдан бастап банктер бизнес-шотқа емес, жеке шотқа 3 айда 100 мобильді аударым түскенін анықтаса, белгілі болған деректерді салық басқармасына ұсынады.



салынған көпірдің де сапасын назардан тыс қалдырмады. Мердігер мекеменің өкілдерімен тілдесті. Онда автомобиль мен жаяу жүргіншілер жолының арақашықтығын көріп, жаяу жүргіншілер жолы халықтың жүріп-тұруына ыңғайлы болуы керектігін айтты.

Айта кетейік, бұған дейін салынған жаңа көпірдің орнында су өткізгіш құбыр болған. Алайда ол құбырдан еріген қар мен жауын салдарынан арнасы тасыған ағын судың кедергісіз өтуі мүмкін болмады. Тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында қашыртқы арықтар қазып отыруға тура

## ЖҰМЫС БАРЫСЫН БАҚЫЛАУЫНА АЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Таукент кентіне барып, «Шолақорған-су» КММ мекемесіне қарасты орталықтандырылған жылу жүйесінің жұмысын аралап көрді.

Сыйық және қатты отынмен жанатын қазандықтардың жай-күйін және оған қажетті отынның жеткізілу барысын жіті бақылауына

алды. Жауапты мамандарға кемшіліктерге бой алдырмай, жұмысты үйлестіріп, тұрақты әрі сапалы түрде атқаруды тапсырды. Сондай-ақ кент ішіндегі тазалық жұмыстарын да назардан тыс қалдырмау керектігін ескертті.

Сонымен қатар, Шолақорған ауылынан Таукент бағытына шығар

келді. Бұл жағдай ауыл іргесінде орналасқан тұрғындардың өзекті мәселесіне айналды. Бұл жөнінде аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков жауапты сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктеді. Жаңа көпір салу жұмысын бірінші кезекке қойып, тиісті шаралар атқарылды.

## «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 209 АЗАМАТ 1 МЛРД 160 МЛН ТЕҢГЕ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ



АШӨК 26 млн. теңге, Жартытөбе ауылдық округінен «Сембек ата» АШӨК 20 млн. 250 мың теңге, Құмкент ауылдық округінен «Рауан» АШӨК 15 млн. теңге несиелен қамтылып, Беларусь 892.2 маркалы доңғалақты тракторлар мен оған тіркелетін жүк көтергіш құралы, жүк тиегіш (погрузчик) Long King LG 833 МК және жаңбырлатып суару машинасы, дизельді насос станциясы, дәрі шашатын құрылғы, соқа сынды ауыл шаруашылығы техникаларына қол жеткізді.

Аталған ауылдық округтерден 209 азамат бағдарламаның

I бағыты – өсімдік шаруашылығын дамыту,

II бағыты – мал шаруашылығын дамыту,

IV бағыты – балық шаруашылығын дамыту, VI бағыты – өз кәсібін ашу мақсатында 1 млрд 160 млн теңге жеңілдетілген несиелен қол жеткізу арқылы өз кәсіптерін ашып, несібін ұлғайтуда.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласы бойынша Құмкент ауылдық округі тұрғындары көптен бері көтеріп жүрген Жылыбұлақ каналының құрылысы басталды. Бұған қоса ауданда су тапшылығының алдын алып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыру мақсатында «Атамекен» шаруа қожалығы 164 гектар жерге тамшылатып суғару қондырғысын орнатты. Қазіргі таңда онда тереңдігі 11 метрді құрайтын бассейннің құрылысы жүруде.

Өткен жылы республика бойынша іске асырылған «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы аясында ауыл азаматтарының тұрмысын түзеуге бағытталған жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайызды құрайтын жеңілдетілген несиелен берілді.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков кәсіпкерлікті дамытуға арналған пилоттық жобаны ұтымды пайдалану бойынша сала орынбасары мен жауапты мамандарға тапсырмалар жүктеп, бұл бағыт бойынша атқарылған жұмыстарды бақылауына алды.

Аталған бағдарлама бойынша Созақ, Құмкент, Шолақорған, Жартытөбе ауылдық округтерінен ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылды. Шолақорған ауылдық округінен құрылған «Созақ Агро Өнімдері» АШӨК 27 млн. 600 мың теңге, Созақ ауылдық округінен «Жаңа Қазақ Елі»

Жаңа жылдық мереке қарсаңында еліміздің қорғаны, тыныштығының тірегі, тұтастығының кепілі болып жүрген Созақ аудандық қорғаныс істері саласының қызметкерлері «Мыңжылқы» мәдениет сарайының өнерпаздарымен бірігіп, өздерінің ұл-қыздарына арналған мерекелік көңілді көш өткізді. Аталған кеште балалар мен бүлдіршіндерге Аяз ата мен Ақшақар арнайы сыйлықтарын табыстап, шырша айналып би биледі.

Шарада Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы, майор Құлымбаев Қуанышбек Маусымбекұлы барша шараға

## Мерекелік шара



қатысушыларды жаңа жыл мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

«Созақ үні» - ақпарат.

## АУДАНЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАҒА 2 ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ АВТОКӨЛІГІ ТАБЫСТАЛДЫ



Жаңа жыл қарсаңында «Қазатөменеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның демеушілігімен алынған 2 жедел медициналық жәрдем автокөлігін аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы аудандық орталық ауруханаға табыс етті.

«ГАЗ Соболь» маркалы толық жетекті жедел медициналық жәрдем автокөліктерінің ерекшелігі жол талғамайды, шалғай ауылдарға еш қиындықсыз қатынай алады. Науқасты тасымалдауға және алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген.



Сонымен қатар, аудан әкімі бұл соңғы демеушілік еместігін, «Катко» қазақ-француз біріккен кәсіпорнымен

бірқатар жобаларға келіссөздер жүргізіліп жатқанын, 2024 жылы аудан орталығынан шалғай орналасқан ауылдарға телемедицина қондырғысын орнатуға күш салатынын жеткізді.

Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлына денсаулық сақтау саласына зор көңіл бөлгені үшін алғыс білдіреміз!

Сондай-ақ, «Қазатөменеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның басқарма басшыларына және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының бірыңғай қайырымдылық операторы «Samruk-Kazyna Trust» қорының бас директоры Альфия Дәулетқалиқызына да алғысымыз шексіз!

**П.БОРАНБАЕВ,**  
Аудандық емхана меңгерушісі.

## ХАБАРЛАНДЫРУ!!!


Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бастап, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасының кітапханалық қауымдастығының ұйымдастыруымен жылма-жыл өткізіліп келе жатқан танымалдыққа ие жоба. Биыл да өз жалғасын тауып отыр.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханада «Бір ел – бір кітап - 2023» республикалық акциясы қорытындыланып, 2024 жылға оқитын кітап таңдалды. Ұсынылған авторлардың ішінен «Бір ел – бір кітап - 2024» республикалық акциясы аясында оқуға жазушы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін Бердібек Соқпақбаевты оқуды бірауыздан қолдады.

Сонымен, «Бір ел – бір кітап - 2024» акциясы аясында жыл бойына ел болып қазақ прозасына ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы Б.Соқпақбаевтың шығармаларын оқу ұсынысы қабылданды. Осы мақсатта Созақ аудандық орталық кітапханасы жазушы Бердібек Соқпақбаевтың рухани құндылықтарын дәріптеу бағытында тұрақты кітап көрмелері мен іс-шаралар легімен насихат жұмыстарын жүргізу қолға алынғанын хабарлай келе жалпы оқырмандарды кітапханаға жыл кітабымен танысуға шақырамыз!

Құрметті кітап сүйер қауым! Жыл кітабын бірге оқиық!

**Б.ЖҰМАБАЕВА,**  
Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің кітапханашысы.



# ТАҒЫ ДА АҚБИКЕШ ТУРАЛЫ

2021 жылдың 25 қаңтарында, яғни, осыдан тура үш жыл бұрын «Ақбикеш мұнарасы айнала қоршалды» деп қараша халықтан сүйінші сұраған болатынбыз.

Ақбикеш мұнарасы Қаратаудың батыс сілемдеріндегі Ақсүмбе кентінен оңтүстікке қарай орналасқан биік жота басындағы тарихи ескерткіш. Мұнара «Ақсүмбе» деген атпен тарихшы Шараф әд-Дин әл-Жүздінің «Зуфар-намесінде» («Жеңіс кітабы») Әмір Темірдің 1389 – 90 жылдардағы Тоқтамысқа қарсы жорықтарын сипаттағанда Дешті Қыпшақ даласын бақылап отыру үшін Қаратау шыңына салынған қарауыл мұнарасы ретінде айтылады.

Осы күнге дейін жеткен әр түрлі аңыздарда мұнараны Ақбикеш арудың есімімен байланыстырады. Мұнара жартас арасын ірі қиыршық тастармен толтырып жасаған іргеліктің үстіне шікі кірпіштен тұрғызылған. Пішімі жұмыр. Мұнараның ішіне кіретін бір, айналаны бақылау үшін жасалған екі ойығы бар. Оның бірі батыс асуға, екіншісі солтүстік-шығыс жаққа қараған. Мұнара композициясы өзгеше. Шікі кірпіштен салынып, орта ғасырдан бүгінге дейін жеткен бұл мұнараның Қазақстан сәулет өнері тарихында алатын орны ерекше. Алайда соңғы 10-15 жыл көлемінде табиғаттың түрлі жағдайларынан мұнара іргесі сөгіліп, жарылып, шөге бастаған болатын. 2016 жылы келеңсіз жағдайды көріп тұрып жүрекжарды жырымызды арнаған едік.

*Ақбикештің мұнарасы мұнартақан,  
Көрінеді көрген жанға ұзақтан.  
Қыз сыйлаған ел едік ғой ежелден,  
Ел емес-ек қызды, ананы жылдатқан.*

*Ал Ақбикеш бүгін үнсіз жылайды.  
Сыңсығаны естіледі жырақтан.  
Кімді аясын сұрқай желі даланың,  
Күндіз, түні тияр емес араның.  
Ақбикештің ақ көйлегі шешіліп,  
Табанында лай боп жатыр,  
қарағым!*

*Кімнен көріп, кінәлаймыз басқаны,  
Ақбикешім-адалдықтың дастаны.  
Ақбикештен ақша қымбат біреу-  
се,*

*Ал біреудің ойлайтыны бас қамы.  
Мына заман, ерте әкеткен тектісін,*

*Тектісінен мықты еткен ептисін.  
Ертең құлап қалмайды ма деп жат-  
там,*

*Уайыммен ұйықтап алмай кешкісін.*

*Шыдай алмай тағы көрдім “ажарын”,  
Бағы тайған, бағасы жоқ “базарым”.*

*Сен құласаң, құлайды шын Рухым,  
Беу, қазағым қайда намыс, наза-  
рың?*

Сол жылдары көз алдымызда айдан айға, жылдан жылға шөгіп бара жатқан тарихи жәдігердің келмеске кетеріне ішіміз ашып Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі К.Мәсімовке, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевқа, Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаттары Әлімжан Құртаевқа, Қуаныш Айтахановқа аудан жұртшылығы атынан арнайы хаттар жазылды.

Сәл өткенге шегеріс жасасақ, 2011 жылы Министрлікке бағынысты «Қазқайтажаңарту» республикалық мемлекеттік кәсіпорны тарапынан мұнараны қайта қалпына келтіруге арналған жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, жоба республикалық бюджеттік комиссияның қорғауына ұсынылған. Алайда, Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің тарих және мәдениет ескерткіштерін қаржыландыруды көздейтін 53 және 54-бабтарында республикалық дәрежедегі ескерткіштер жергілікті бюджеттен қаржыландырылуы

тиіс деп көрсетілгендіктен, жобаға қаржы бөлу мәселесі қолдау таппаған еді.

Өткен жылдары аудан әкімінің орынбасары Бағдат Айдарбековтің төрағалығымен ауыл тұрғындарымен кездесу өткізіп, халықтың демеушілігі арқылы 800 мың теңгеден астам қаржы жинап алдымен ескерткіш мұнара арнайы қаптан тігілген су өтпейтін плащ-палаткамен қапталған болатын. Онда да алғаш болып ауыл қариялары екі қара атап, аяғы қомақты қаржы жиналып қаптау жұмыстары жүргізілді. Алайда ол өз нәтижесін бермеді. Себебі, оның ескерткіш мұнараға химиялық, физикалық кері әсері болды. Бірақ ескерткіш жағдайы күннен күнге тозып, көпшіліктің мұңына айналды. Бұл ескерткіштің республикалық маңызы бар ескерткіштер тізіміне енгенге дейін жағдай болатын. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарапының қолдауымен “Ақбикеш” мұнарасы 2019 жылы 30 мамырдағы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің №156 бұйрығымен республикалық дәрежедегі ескерткіштер тізіміне енгізілді. Содан 2019 жылы 23 сәуірде екі жақты келсім шарт түзіліп қайта жаңарту жұмысын бастайды. Тапсырыс беруші «Ақбикеш мұнарасы» қоғамдық қоры (қоғамдық қордың басшысы Орынбасар Орынбаев). Жобасын ұйымдастырушы «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесі болып табылады. Қаржылай

қолдау көрсеткен «Қаратау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2 млн 500 мың теңге қаржы аударды. Қайта қалпына келтіру жұмыстарына тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі екен. Жұмыс жасаушы мекеме «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесінің Қызылорда филиалының сол уақыттағы директоры Мұратбеков Нұрболат деген азамат болатын. Сол жылы мұнараны айнала көтеріп қалап жатқан құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды. Құрылыс жұмыстарына сырттан төрт адам, Ақсүмбе ауылынан екі жергілікті азаматтар қол ұштарын созды. Құрылыс жұмыстарына сол уақыттағы аудан әкімдігі, аудандық мәдениет бөлімі тікелей бақылауында ұстады. Таяуда қараша айының аяғында Ақсүмбе ауылындағы С.Қожанов атындағы мектепте өткен мәдени шараға барғанымда Ақбикеш мұнарасын көріп қайтқан болатынмын. Айнала кеткен-түскен жерлері сыланғанын көрдім. Жақында ауданда бір-екі азамат хабарласып, «Ақбикеш кесенесінің тау жақ беті қабырғасы құлап қалыпты. Соған ауыл азаматтары телефон соғып жатыр» деді. Бұл әңгіменің дақпырт екенін айтып, атқарылған жұмыстар туралы барынша түсіндіруге тырыстым. Жұмыс жасаушы мекеме «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесі Қызылорда филиалының директоры

Мұратбеков Нұрболат деген азамат басқа жұмысқа ауысып кеткенін білетінмін. Алдымен мұнараның қалануы, қайта сылануы басында бастан аяқ жүрген Марат есімді инженеріне телефон соғып едім көтермеді. Сосын қазіргі директоры Жанболат Қалиақпаровпен телефон арқылы байланысып жеті минут отыз тоғыз секунд сөйлестім:

–Қараша айында трещина түскен жеріне маяк қойып, кеткен жерлерін сылап жөндеп кеткен болатынбыз. Осадка беріп жатыр. Осадка тоқтағанша жөндеп тұрамыз. Әбден езі орнығып отырғанша біздің бақылауымызда болады. Әрбір барып келген сайын лайын, топырағын лабораторияға өткізіп сынама алып отырамыз. Біз мұнараның үш-төрт жеріне маяк қойдық. Трещина болады ма? Болса қанша сантиметрге дейін болады? Қыста топырақтың құрамы өзгереді ме? Жазда қалай болады? Сол маяк бәрінің шешімін тауып бақылап тұрады. Біз ол маяктарды лаборатория қызметкерлерінің ұсынысымен қойдық. Көктемде лаборатория қызметкерлері арнайы келіп қортындысын айтатын болады. Бұрын мұнараның әр жерінде кесікпен қоса қаланған ағаштар тұратын. Ол ескі іштегі мұнарамен сырттағы қапталған екінші қабатты байланыстырып ұстап тұру үшін қойылған болатын. Әбден қатқан соң оны былтыр алып тастадық. Мұнара келесі жылы да біздің бақылауымызда болады,-дейді Жанболат мырза.

Алда тұрған міндеттің бірі тарихи жәдігердің айналасын абаттандыру, жарықтандыру және көгалдандыру-көріктендіру, төменнен мұнара басына шығатын баспалдақ орнатылса құба құп болар еді. Бұл тұрғыда тиісті жұмыстар жалғасын тапса дейміз. Ақбикештің түнгі сәулетін айшықтандыра түсетін айнала жарықтандыру аса қажет. Өйткені тарихи кешен болған соң мұнда түнделетіп өтіп бара жатқан қонақтар, арнайы зиярат етіп түнде келетін меймандар үшін зор пайдалы іс болар еді. Тапсырыс беруші «Ақбикеш мұнарасы» қоғамдық қорының есебінде («Қаратау» ЖШС берген) 500 мың теңге тұр. Әлде де қосымша қаржы мәселесін шешіп осы игі істер қолға алынса деген ниетпен осы мәселелерді Жұмыс жасаушы мекеме «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесі Қызылорда филиалының жаңа директоры Қалиақпаров Жанболат мырзаға қосымша сауал ретінде қойдым. Ол кісі бұл айтылған қосымша тіріліктер бойынша былай деді: «Сіздер министрлікке арнайы хат жазып рұқсат алуларыңыз керек. Көгалдандырып тал немесе гүл егу үшін мұнара мен екі орта қанша метр ұзақ болу керек?, жарық шам орнату үшін жерді бұрғылағанда мұнараға әсер етпейді ма? Ол мұнарадан қаншалықты қашық болу керек? Баспалдақ салу үшін мұнара маңайының топырақтары қазылады. Ол мұнараға әсер етпейді ма? Сол себепті министрліктің осы салаға жауапты мамандары сіздерге нақты жұмыс барысы қалай болу керектігін түсіндіріп беретін болады. Республикалық деңгейде маңызы бар мұндай тарихи орындарды кім көрінген қалай болса солай өзгертіп немесе маңайына өз беттерінше тірлік істеулеріне тиым салынған» дейді. Сондықтан Қазақстан Республикасы, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Ғалымқызы Балаеваға төмендегідей мазмұнда арнайы хат жолдауыма тура келді.

Қазақстан Республикасы,  
Мәдениет және ақпарат министрі  
Аида Ғалымқызы Балаеваға

## Құрметті Аида Ғалымқызы!

Созақ ауданындағы мемлекеттің бақылауында тұрған киелі орынның бірі қоғам және мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановтың кіндік қаны тамған Ақсүмбе ауылындағы Ақбикеш қарауыл мұнарасы екенін жақсы білесіз. Бүгінде Ақбикеш мұнарасының түбінде «Бұл орын мемлекеттің қамқорлығында» деген тақтайша ілінгеніне бірнеше жылға жуықтады.

Ұлы Жібек жолы бойында көшегі тарих жылнамаларында қазақ хандарының аттан түсіп, бас иіп құран бағыштап өтер қасиетті орны болуымен қатар, сыртқы жаулардан ел мен жерді қорғайтын Қазақстан жерінде қирудан аман қалған жалғыз бекініс-қарауыл осы ғана болып тұр. Сол себепті де Ақбикеш мұнарасын сақтап қалу үшін, шырылдап басшылар тарапына хат жазып, басылымдарға елдің жан айқайын жариялап жүрген азаматтардың бірімін. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарапының қолдауымен «Ақбикеш» мұнарасы 2019 жылы 30 мамырдағы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің №156 бұйрығымен республикалық дәрежедегі ескерткіштер тізіміне енгізілді. Содан 2019 жылы 23 сәуірде екі жақты келсім шарт түзіліп қайта жаңарту жұмысын бастайды. Тапсырыс беруші «Ақбикеш мұнарасы» қоғамдық қоры (қоғамдық қордың басшысы Орынбасар Орынбаев). Жобасын ұйымдастырушы «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесі болып табылады. Қаржылай қолдау көрсеткен «Қаратау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2 млн 500 мың теңге қаржы аударды. Қайта қалпына келтіру жұмыстарына тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі екен. Жұмыс жасаушы мекеме «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесінің Қызылорда филиалы болатын. Сол жылы мұнараны айнала көтеріп қалап жатқан құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды. Құрылыс жұмыстарына сырттан төрт адам, Ақсүмбе ауылынан екі жергілікті азаматтар қол ұштарын созды. 2019 жылы «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесі Қызылорда филиалы Ақбикеш кесенесіне жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Алда тұрған міндеттің бірі тарихи жәдігердің айналасын абаттандыру, жарықтандыру және көгалдандыру-көріктендіру, төменнен мұнара басына шығатын баспалдақ орнатылса құба құп болар еді. Бұл тұрғыда тиісті жұмыстар жалғасын тапса дейміз. Ақбикештің түнгі сәулетін айшықтандыра түсетін айнала жарықтандыру аса қажет. Өйткені тарихи кешен болған соң мұнда түнделетіп өтіп бара жатқан қонақтар, арнайы зиярат етіп түнде келетін меймандар үшін зор пайдалы іс болар еді. Бұл жұмыстарды мәдениет министрлігінің рұқсатынсыз жүзеге асыра алмайды екенбіз. Алайда мұнара маңайын жарықтандырып, оған жаяу адамдар шығу үшін баспалдақ міндетті түрде керек. Одан кейін маңайын шаң-топырақ қылмай көгалдап, көріктендіріп қойсақ мәдениетімізге үйлесім табар еді?

Бұл тек менің жеке ұсынысым, үнім емес. Бұл аудан халқының өтініші деп біліңіз. Сізді ұлттық рухымыздың мәйегі салт-дәстүрімізді, әдеп-ғұрпымызды құрмет тұтатын елжанды азамат, мәдениетіміз бен өнеріміздің қайраткері, шын жанашыры ретінде жақсы білетіндіктен, осы мәселеге оң көзқараста ықпал етуіңізді сұранамыз. Созақ өңірінде жатқан әулие-әмбиелер қолдасын, әрі биік белестерден көріне беруіңізге тілектеспін.

Ізгі ниетпен бір топ созақтықтар атынан:  
Мақсат ҚАРҒАБАЙ,  
ҚР Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі,  
Сұлтанбек Қожанов атындағы әдеби сыйлықтың иегері,  
ҚР Мәдениет саласының үздігі.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,  
ҚР Мәдениет саласының үздігі,  
Қазақстан Жазушылар  
Одағының мүшесі.

# Жұмыспен қамтудың жайы мен

Естеріңізде болса, өткен жылдың соңғы сандарында аудан әкімдігіне қарасты бөлімдердің басшыларымен жылды қорытындылайтын есептік-сұхбат бастаған болатынбыз. Алайда, Тәуелсіздік, Желтоқсан және Жаңа жылға қатысты материалдар салынуы керек боп, бөлім басшыларымен сұхбаттарымыз үзіліп қалған еді.

Сол, себепті жағдаймен үзілген сұхбаттарымызды Ұлу жылының басында жалғастыруды жөн көріп отырмын. Сонымен, бұл жолғы сұхбатымыз ауданымыздың экономикасы мен әлеуетіне тікелей қатысы бар бөлімнің бірі:

**Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Байзақов Дулат Есалыұлымен болмақ. Сұхбатта бөлімнің 2023 жылы атқарылған жұмыстары туралы мәлімет қамтылады.**



**-Дулат Есалыұлы, өзіңіз басшылық ететін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде қандай қызмет түрлері көрсетіледі?**

-Жалпы, бөлімде бүгінгі таңда 16 қызмет түрі көрсетіледі. Атап айтсақ, Ардагерлермен жұмыс және жалғызбастыларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі 2 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Ал, Әлеуметтік көмек көрсету секторында 4 қызмет түрі; Мүгедектігі бар балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде 9 түрлі қызмет; Ал енді, еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу бойынша да қызмет көрсетіледі. Қызмет алушылар мен қызмет берушілердің қатысуынсыз электронды үкімет арқылы жүргізіледі.

**- Ендігі жерде осы аталмыш бөлімдердің қызметіне, 2023 жылға атқарған жұмыстарына толығырақ тоқталып өтсеңіз, оқырмандарымыз да хабардар болса!**

- Жоғарыда айтқанымдай, әлеуметтік көмек көрсету секторы 4 қызмет түрін көрсетеді. Олар:

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау;

- Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекеменшік санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау;

- Тұрғын үй көмегін дайындау;

- Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат беру;

Осылардың ішінде әуелі Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау көрсетілетін қызмет түріне тоқталар болсақ:

Жыл басынан жалпы 759 отбасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы №320 бұйрығына сәйкес, атаулы әлеуметтік көмекке өтініш білдірген.

Оның ішінде 630 отбасы 3447 адамға 243316,7 мың теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 630 отбасы 3447 адамға 243316,7 мың теңге төленді.

-шартты ақшалай көмек алғандар - 553 отбасы 3124 адам (207830,0 мың.тг);

-шартсыз ақшалай көмек алғандар - 77 отбасы 323 адам (35486,7 мың.тг).

Ал 351 отбасы тағайындалудан бас тартылды. Оның ішінде 306 отбасының табысы кедейшілік шегінен асып кетсе, 45 отбасы учаскелік комиссияның қорытындысымен кері қайтарылған.

-Кепілдендірілген әлеуметтік топтамаға 62611,0 мың теңге қаралған. Бүгінгі күнге дейін 370 отбасы 2141 адамның 1-6 жас аралығындағы 647

балаларына 33850,0 мың теңге қаржы төленді.

Жалпы атаулы әлеуметтік көмек қаржысы 2022 жылдан бастап АӘК төлеуге алынған қажеттілікке сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы аудару жүзеге асырылып отыр.

2023 жылғы 22 қыркүйегіндегі Созақ аудандық мәслихатының №56 шешімімен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекеменшік санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасына сәйкес, 12 айында аз қамтамасыз етілген 73 адамнан өтініш түсіп, бұл өтініштер аудандық комиссияға қаралып, оның ішінде 51 адамның өтініш бір реттік көмек беруге жататындықтан жергілікті бюджеттен 1355,0 теңге қаржы төленді.

Созақ аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 қыркүйектегі №350 шешіміне сәйкес, Созақ ауданы бойынша тұрғын үй көмегі 238 отбасына 1071 адамға 16155,0 теңге тағайындалып, төленді.

«Қамқорлық» кешенді бағдарламасы аясында өмірлік қиын жағдайдағы жалпы 30 отбасы 22504,3 мың теңгенің көмегі көрсетілсе, оның ішінде 235,0 мың теңгеге ақшалай көмегі көрсетілді, 1216,0 мың теңгенің азық-түлігі, 367,2 мың теңгенің аяқ-киім, киім-кешек, 1421,1 мың теңге қатты отынмен, 15,0 мың теңгенің басқа да көмегі көрсетілді және 4 отбасына 19200,0 мың теңгенің баспанасы берілді. Осы отбасылардың ішінен 2 адам қоғамдық жұмысқа тартылды.

«Отбасының цифрлық картасы» базасына түскен отбасылар бойынша ауыл кент округ әкімдерімен бірлесіп отырып құрылған комиссиямен зерттеу жұмыстарын жүргізіп бүгінгі таңда атаулы әлеуметтік көмек алуға жататын отбасылар және алуға жатпайтын отбасылар анықталып, ақпараттық жүйемен 100 пайыз орындалып отыр.

Ал, Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша:

Созақ ауданында 2023 жылы 450 өтініш түскен. Оның ішінде рұқсат берілгені-353, ұзартылғандары-31, бас тартылғаны-66.

Ал енді, Ардагерлермен жұмыс және жалғызбастыларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің жұмысы бойынша:

2023 жылдың мәліметі бойынша ауданда 1-ҰОС ардагері, 16 ҰОС мүгедегіне теңестірілгендер (Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан және әскери қызметін орындау кезінде мүгедек болып оралғандар), 18 ауған соғысының ардагері, 5 Чернобыль апатына қатысқандар, 11 қайтыс болған соғыс мүгедектерінің қайтадан некеге тұрмаған жесірлері, 184 тыл еңбеккерлері және 4532 көп балалы аналар

(бұның ішінде 183-ы батыр ана, 815-і алтын алқа иегерлері, 1-2 дәрежелі ана даңқы орденімен марапатталғандар-1, 1199 күміс алқа иегерлері, 18 жасқа дейінгі 4 және одан көп баласы бар аналардың саны 2334)бар.

Ардагерлермен жұмыс және жалғызбастыларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі 2 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді:

- 1. Ақталған адамға куәлік беру;  
- 2. Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру;

2023 жылдың басынан аудандық бюджеттен бөлінген қаржыға шипажайларға 370 зейнеткер демалып келді. Облыстық басқармадан берілген қаржыға барлығы 200 зейнеткерлер демалып келді.

Аудан бойынша 83 жалғызбасты қарттар әлеуметтік қамқорлыққа алынған. Оларға 18 әлеуметтік қызметкерлер бекітілген кесте бойынша қызмет көрсетуде. Жыл басынан бері 7 жалғызбасты қарт қамқорлыққа алынды. Бүгінгі таңда қамқорлыққа алынған 28 жалғызбасты қарттарға демеушілер арқылы 2 578,5 мың теңгенің қаржылай, заттай, азық-түліктері алынып берілді.

15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне байланысты аудан көлеміндегі 18 Ауған соғысының ардагерлеріне жергілікті бюджеттен (33 АЕК) 113 850 теңгеден барлығы 2 049 300 теңге берілді, Таулы Қарабах соғысына қатысқан 2 ардагерге (4,8 АЕК) 14 700 теңгеден барлығы 29 400 теңге, Тәжік-ауған соғысына қатысқан 19 ардагерге (4,8 АЕК) 16 560 теңгеден барлығы 314 640 теңге жеке есеп шоттарына аударылып берілді. Сондай-ақ, 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай аудан көлеміндегі 180 Батыр ана, 810 Алтын алқа иегерлеріне 6900 теңгеден барлығы 6 831 000 теңге және 1190 Күміс алқалы аналарға 6900 теңгеден барлығы 8211000 теңге жеке есеп шоттарына аударылып берілді.

Тағы да 9 мамыр Жеңіс күніне орай 1 Ұлы Отан соғысының ардагеріне 1 500,0 мың теңге; 11 Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар адамдардың жесірлеріне 72,4 мың теңгеден 796,9 мың теңге; 5 Чернобыль апатына қатысушыларына 16,5 мың теңгеден 82,8 мың теңге; 193 тыл ардагерлеріне 34,5 мың теңгеден барлығы 6658,5 мың теңге; 16 Ұлы отан соғысы мүгедектігі бар адамдарға теңестірілгендерге 26,0 мың теңгеден 416,7 мың теңге жергілікті бюджет есебінен барлығы 9 454,9 мың теңге жеке есеп шоттарына аударылып берілді.

Сонымен қатар, «Инкай БК» ЖШС демеушілігімен 18 Ауған соғысы ардагеріне, 18 Тәжік-Ауған ардагеріне, 3 Таулы Қарабах соғысына қатысушы-

ларына, 11 ҰОС мүгедегінің жесірлеріне, 5 Чернобыль апатына қатысқандарға 10,0 мың теңгеден барлығы 710,0 мың теңгенің қаржылай көмегі көрсетілді. Ал, 29 тамыз «Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні» мереке күніне орай, аудандық мәслихаттың шешімімен жергілікті бюджеттен аудандағы 66 азаматтың әрқайсысына 17250 теңгеден жалпы құны 1138,5 мың қаржы аудандық «Почта» торабы арқылы жеке бет есептеріне аударылып берілді. Ал енді, 1 қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай жергілікті бюджеттен бөлімше қарамағына алынған 86 жалғызбасты қарттарға 2 АЕК (6900) теңге мөлшерінде, барлығы 593,4 мың теңге қаржы берілді. Сонымен қатар, 59 жалғызбасты қарттарға демеушілер есебінен 2 тоннадан барлығы 108 тонна көмір, яғни 2808,0 мың теңгенің қатты отыны берілді. Тағы да сол, 1 қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай, аудан көлеміндегі зейнеткерлер мен қарттарға демеушілер есебінен 349 адамға азық-түлік, заттай және қаржылай көмектер көрсетілді. Бұдан бөлек, аудандағы 80 жастан асқан 11 қартымызға жергілікті бюджет есебінен 2 АЕК (6900) теңгеден ай сайын жеке бет есептеріне аудандық «Қазпочта» торабы арқылы аударылып беріліп отырды.

**Мүгедектігі бар балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бойынша атқарылған жұмыстар**

Ауданымызда бүгінгі таңда 2174 мүгедектігі бар адамдар бар. Оның ішінде: I топ -236 адам; II топ -694; III топ - 970 мүгедектігі бар адамдар болса, бала жастан мүгедектігі бар балалар 274 жан.

Мүгедектігі бар адамдарға медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі дайындаған жеке оңалту бағдарламалары бойынша бөлім тарапынан «Е-Собес» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне олардың орындалуы туралы деректер мен есептіктер енгізіліп отырады. Яғни, мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік оңалту, олардың анықталған қажеттіліктері бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі әзірлеген мүгедектігі бар адамдардың Жеке оңалту бағдарламасы (ЖОБ) міндетті түрде «Е-Собес» ААЖ-де көрінеді.

Тағы бір айта кететіні, Мүгедектігі бар балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі 9 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Олар:

1. Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу;

2. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (жиымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу;

3. Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу;

4. Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар -балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу;

5. Мүгедектігі бар адамдарға техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу;

6. Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу;

7. Есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдарды ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етуге мүгедектігі бар құжаттарды ресімдеу;

8. Мүгедектігі бар адамдарды жүріп-тұрудың арнайы құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу;

9. Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу;

-Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу;

# Әлеуметтік бағдарламалардың барысы

Ауданда мүгедектігі бар 80 балаға жергілікті бюджет есебінен үйде оқыту үшін, оқу құрал жабдықтарын алу мақсатында 6900 теңгеден (2 АЕК) ай сайын төленіп отырады.

Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу бойынша жеке оңалту бағдарламасы негізінде 146 мүгедектігі бар балаларға 32 әлеуметтік қызметкерлер қызмет көрсетуде.

Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу бойынша ЭҮП арқылы 314 адам өтініш білдіріп, бүгінгі таңда 302 мүгедектігі бар адамдар және мүгедектігі бар балалар «Әлеуметтік қызметтер» порталында санаторий-курорттарға таңдау жасап демалып келуде.

Мүгедектігі бар адамдарға техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу бойынша жыл басынан ЭҮП арқылы жалпы 1040 құралдарға өтініштер түскен. «Әлеуметтік қызметтер» порталында құралдарға өз таңдауларын жасап, бүгінгі таңда 826 гигиеналық құралдармен және 190 сурдо-тифлотехникалық құралдарымен қамтамасыз етілді.

Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу бойынша жыл басынан ЭҮП арқылы 269 протездік-ортопедиялық құралға өтініштер түсіп, бүгінгі таңда «Әлеуметтік қызметтер» порталы арқылы 244 протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз етілді.

Есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдарды ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етуге мүгедектігі бар құжаттарды ресімдеу бойынша ымдау тілі маманын қажет ететін 11 мүгедектігі бар адамдарға республикалық бюджеттен 2869,0 мың теңге, ал жергілікті бюджеттен 2869,0 мың теңге қаржы қаралып, «Әлеуметтік қызметтер» порталы бойынша қызметтер алууда.

Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу бойынша жергілікті бюджеттен 117000,0 мың теңге қаржы бөлініп, I топтағы жүріп-тұруы қиын 100 мүгедектігі бар адамдарға жеке оңалту бағдарламасы негізінде 100 жеке көмекші қызмет көрсетіп келеді.

Мүгедектігі бар адамдарды жүріп-тұрудың арнайы құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу бойынша жыл басынан қоларбаға ЭҮП арқылы 93 өтініш түсіп, «Әлеуметтік қызметтер» порталы бойынша 93 қоларбамен қамтамасыз етілді.

Мүгедектігі бар адамдардың өтініштері Е-собес ААЖ-де орындалуы жыл соңына дейін жалғасын табады.

Күндізгі қатынау және әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу бойынша атқарылған жұмыстар:

Бүгінгі таңда Шолаққорған ауылының орталығында Күндізгі қатынау және әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу бөлімшесінде 42 балаға 2 сағаттан әлеуметтік қызмет көрсетіліп отырған; әлеуметтік маман, дефектолог, психолог, логопед, мәдени ұйымдастырушы, айқындаушы, медбике, массажист мамандары қызмет көрсетеді. Ондағы мақсат мүгедектігі бар балалардың өмірге деген құштарлығын ояту, оларды ортаға бейімдеу, өнерге қызықтыру, еңбекке үйрету, өмірге икемді жеке тұлға ретінде қалыптастыру, өмірде өз орнын табуға баулу.

Балалардың келіп кетуіне инвентар



си және әлеуметтік такси қызмет көрсетеді. Мүгедектігі бар баланың белгілі бір дене бөлігінің қызметінің дұрыс болмауының нәтижесінде пайда болған түрлі бұзылыстарды қалыпқа келтіру үшін, арнайы құрал жабдықтармен және де қолдың күшінің жұмсалынуымен жасалынады. Оның ішінде арнайы бүрткілері бар үлкен көлемдегі доп, аяққа және қолға арналған элдектронды аппараттар және тағы басқа құралдарымен массаж жасалынады.

Атаулы мереке күндері қызмет алушылармен бірге мерекелік іс-шаралар мен ертеңгіліктер ұйымдастырылып отырады.

Наурыз мерекесіне байланысты «Қош кедің Әз Наурыз» тақырыбында мерекелік ертеңгілік ұйымдастырылып, іс-шараға қатысқан балалар мен қонақтарға наурыз көже үлестірілді.

1 маусым-Халықаралық Балаларды қорғау күні мерекесіне орай, ерекше қажеттілігі бар балалар арасында



«Шынықсаң шымыр боласың» атты іс-шара өткізілді. Аудандық маслихат депутаты Базарбай Нұрланұлы құттықтау сөз сөйлеп, балалар ойнайтын спорттық ойын жабдықтарын табыс етсе, «Бақ Нұры» іскер әйелдер бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова, жеке кәсіпкер Күлайым Дүйсенбекова балаларға сыйлықтарын табыстап, тәттілерін таратты. Іс-шараны ұйымдастырушы мекеме басшыларына алғыстарын білдірді. Шараға қатысушы ерекше балалар демейшілік жасаған аға-апаларына ән, өлеңдерін арнап көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

9 қазан Мүгедектер күніне орай

«Күндізгі қатынау және әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу» бөлімшесінің қарамағындағы қызмет алатын балаларға «Алтын күз» тақырыбында ертеңгілік іс-шара өткізілді. Онда бөлімше меңгерушісі Сәбит Шыналиев және «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Смахова Бақыт ашып балаларды мерекелерімен құттықтады. Іс-шараға қызмет алатын алалардың ата-аналары мен әлеуметтік қызметкерлер қатысып, балалардың өнерлерін т а м а ш а л а д ы . Кәсіпкер Жақсыбергенов райымбек ертеңгілік шараға арнайы жеміс-жидек киімдерін алып берсе, «Жүрсін» сауда орталығы тәттілер таратып балалардың көңіліне қуаныш сыйлады. Іс-шараға қатысқан ата-аналар, ұйымдастырған бөлімше қызметкерлеріне өз алғыстарын айтып тарқасты.

## «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» орталығы бойынша атқарылған жұмыстар:

Қазақстан Республикасының аға буын азаматтарының жағдайын жақсарту жөніндегі «Белсенді ұзақ өмір» 2025 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарын орындау және 2021 ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі мен БҰҰ Даму бағдарламасының «Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің тұрақты дамуы әлеуметтік интеграция және инклюзия бойынша бағдарламаларды ілгерілету» жобасы аясында қарттар мен мүгедектігі бар азаматтарға арналған «Белсенді ұзақ өмір жән Тең қоғам» әлеуметтік орталығын ашу міндетінің үдесінен шығу үшін Созақ ауданы әкімдігінің

торы-1, қарауыл-3, қазандық машинист- бағбаншы-2, еден тазалаушы-1. жергілікті бюджеттен-75 588,0 мың теңге қаражат бөлінсе, 1-ші желтоқсанға дейін 70114,8мың теңге игерілді Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №165 бұйрығының 2-қосымшасымен бекітілген «Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметкерлер» стандартына сәйкес 7 түрлі арнаулы әлеуметтік қызмет түрі көрсетіледі .

Атап айтқанда:

- 1.Әлеуметтік- медициналық
- 2.Әлеуметтік- психологиялық
- 3.Әлеуметтік- еңбек
- 4.Әлеуметтік- тұрмыстық
- 5.Әлеуметтік- мәдени
- 6.Әлеуметтік- экономикалық
- 7.Әлеуметтік-құқықтық көмектер.

Әлеуметтік орталық бағдарламасында «әлеуметтік орталықта күндізгі жағдайында оңалту қызметтерін алу» белгіленген.

«Белсенді ұзақ өмір жән Тең қоғам» әлеуметтік орталығы екі бағыт бойынша қызмет көрсетеді.

Бірінші бағыт: «Белсенді ұзақ өмір» бойынша қызмет көрсетеді. Ауданның 63 жас және одан жоғары жастағы 6142 зейнеткер (оның ішінде 2115 ер, 4027- әйел) аға буын азаматтары өз өтініштері бойынша есепке алынған болса, 2023 жылдың желтоқсан айына дейін барлығы 2488 адам келді, оның ішінде 175 адам массаж, 175 адам кітапхана, шахмат 210 адам, шашка 111, бильярд 1443, нарда 85, стол теннисі 132 және т.б. қызметтер алды.

Екінші бағыт: «Тең қоғам» бағыты бойынша қызмет көрсетеді. Ауданда 2098 мүгедектігі бар азаматтар (оның ішінде 1146 ер, 952- әйел) бар. Созақ ауданы бойынша жыл басынан бері 234 мүгедектігі бар азаматтар жұмыспен қамтылған. Әлеуметтік орталығының қызметкерлерінің түсіндіру жұмыстары нәтижесінде жыл басынан бері 12 мүгедектігі бар азаматтар тұрақты жұмыспен қамтылды, қоғамдық жұмысқа 64 азамат жолданды. Сонымен қатар 2023 жылдың желтоқсан айына дейін барлығы 606 мүгедектігі бар азаматтарға қызмет көрсетілді. Атап айтқанда, Халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз азамат ретінде тіркелген 234 адамның, 12-і тұрақты жұмыс, 64-і уақытша, 158 азамат басқа саладағы жұмыспен қамтылды. Заңгерлік көмекке 27 адам, 17 адамға қаржылық кеңестер, 37 адам массаж, 37 адам тұзды бөлмесіне, 41 адам кітапхана, психологиялық көмекке 36 адам жүгініп қызмет көрсетілді, шахмат 42 адам, шашка 43 адам, бильярд 52, стол теннисі 40 және т.б. қызметтер алды.

Сөз соңында: -Құрметті Дулат Есалыұлы уақыт бөліп сұхбатқа келіскеніңізге және өзіңіз басшылық ететін бөлімнің 2023 жылға атқарған жұмыстарының есебімен бөліскеніңізге рахмет. Сұхбат барысында біраз ақпаратқа қанықтым. Ендігі жерде 2024 жылға атқаратын жұмыс жоспарларыңызбен бөлісу үшін бөлім басшысы ретінде өзіңізбен тағы да сұхбаттасуға, аудан тұрғындарына, оның ішінде аудандық «Созақ үні» газетінің тұрақты оқырмандарына кеңінен ақпарат жеткізсек па деген ниетіміз бар. Әрине, бөлім басшысы ретінде келісетініңізге шүбәм жоқ. Ендеше, алдағы уақыттарда кездесіп, сұхбаттасқанша еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Данияр БЕК.

Биыл 1974 жылы дүниеге келгендер 50 жасқа толады. Уақыт неткен жүйрік! Үйде апасының қасынан шықпайтын, түске дейін ұйықтайтын. Қазандағы сүттің қаймағы мен қаспағы сол баланыкі еді. Ол да елуге келіпті. Кенже інімді айтамын да. Бала кезімізде елудегі кісіні көрсек, сақалы бар, бетін әжім басқан, киім киісі, жүрісі, сөз саптауы ақсақалдық кейіпті беретін. Бүгінгі елудегілер еңтігіп, елпендеп тұрады. Сол елуге келгендердің ішінде Созағы десе кермедегі асаудай құлағы елпендеп тұратын Жылбек інім де жыл аралатып ғасырдың ортан бөліне келіпті. Жылбек інімді көптен білемін. Сыртынан тілекші болып жүрген ағаларының бірімін. «Қазақ радиосында Созақтан шыққан азамат жұмыс істейді!» деп жүрген жерімде мәртебелі мақтанш санадым. Біле білсеңіз дикторды оқытатын жоғары оқу орны да, оны дайындайтын арнайы маман да жоқ. Оның дауысын Алла береді, туа бітеді, ана сүтімен келеді. Ал шеберлік біртіндеп, жылдар бойы қалыптасады. Ол не оқып отыр, қалай жеткізіп отыр, тыңдаушымен қалай тілдеседі — бұл дик-



болып жалғастырдым. 1999-2000 жылдары Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет Академиясының тыңдаушыларына ағылшын тілінде дәріс оқыдым. 2001-2003 жылдары «Қазақстан» ұлттық телеарнасында редактор-сараптамашы; аға редактор-аудармашы; «Мезгіл» саяси-сараптамалық бағдарламасында халықаралық шолушы болып қызметтер атқардым. 2003-2013 жылдар аралығында «Қазақ радиосында» диктор (редактор-жүргізуші), шеф-редактор, бас редактор дәрежесіне дейін көтерілдім. «Қазақ радиосында» диктор болып жүргенде «Қазақ радиосын тыңдап, қазақша сөйлейік, ағайын!» деген сөзім қалың жұрттың ұранына айналды, -дейді ағынан ақтарылған Жылбек інім.

Расында аянбай еткен еңбегінің арқасында Қазақ радиосының Әнуарбек Байжанбаев атындағы сыйлығының лауреаты атағын алып, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, Алматы қаласының бұрынғы әкімі И.Н.Тасмағамбетовтің «Алғыс хаты-

## «Қазақ радиосындағы» Созақ азаматы

тордың шеберлігіне байланысты. «Қазақ радиосында» небір майталман диктор қызмет етті. Қазақ радиосының алғашқы дикторлары Мина Сейітова, Қатира Әзімбаева, Қазақ радиосының атасы, «қазақтың Левитаны» атанған Әнуарбек Байжанбаев, Мұқағали Мақатаев, Шәкен Айманов, ЕСауық Жақанова, Жаңыл Біржанова, КСРО халық артисі Фарид Шәріпова мен Қазақстанның халық артисі Зәмзәгүл Шәріпова сияқты апа-кекелерінің ізін басып Жылбек келді. Қазақ радиосының негізі 1921 жылы 1 қазанда Ахмет Байтұрсынұлының тікелей ықпалымен байырғы астанамыз Орынборда қаланды. Бұл туралы радиозерттеуші, ғалым, ұстазы-

ТУ) ағылшын тілі факультетін ағылшын-араб тілдері мамандығы бойынша бітірген.


Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің шығыстану факультетінің магистратурасын гуманитарлық ғылымдар магистрі дәрежесімен тамамдады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторантурасында әдебиеттанушы мамандығын алды.

-Осы кезге дейін азды-көпті бағындырған биіктеріме қол жеткізуіме себепкер болған, күні-түні намаздарында тілеуімді тілеп отыратын бірден бір баға жетпес байлығым, ардақты анам - Қыдырқұл Бейпенова мен асқар таудай әкем - Сембек

Қазақ-түрік университетіне құжат тапсырып, оқуға түсе алмадым. Содан кейін Шымкенттегі «Домалақ ана» атындағы медресеге түсіп, оны бітіргеннен кейін Түркияға жолдама берілгеннен жолақысына қаражат таба алмай қалып қойдым. Ауылда қалғаннан кейін ата-анамның мойнына масыл болмайын деп бір жыл совхоздың қойын бағып, шопанның жәрдемшісі болдым. Несін жасырамыз, сол кездің өзінде «бармақ басты, көз қыстымен» атағы жер жаратын өзіміздің Оңтүстіктен тауым шағылып, Алматыға бет алдым. 1993 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне құжат тапсырып, оған да түсе алмадым. Ауылға қайт-

мен», «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық қоғамдық бірлестігінің «Абылай ханның 300 жылдығы» атындағы медалімен марапатталды. Жылбек бауырымыз бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті ЮНЕСКО кафедрасының (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization, Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы. Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды) аға оқытушысы. Ақбикеш кесенесі туралы да жиі-жиі ойы мен пікірін жоғары жақтағы билік органдар құлағына жеткізуде жан-жақты жұмыс жасағынан да білемін. Осындай арда азаматтарымыз көп болса, Ақби-



мыз Намазәлі Омашев зерттеп, дәлелдеді. Есімде Намазәлі ағаның 2001 жылы «Қазақ радиосының тарихына қанша жыл?» деген атпен ғылыми-танымдық материалы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды. Арада жылдар жөңкіліп өтіп жатты. Талдырмаш, жеңіл қимылды, елгезек баланың ҚР Президентінен сұқбат алып тұрған бейнесі әлі күнге дейін көз алдымда тұр. Жылбек Сембекұлы Керімбек - белгілі журналист, диктор, аудармашы (ағылшын, араб, түрік), Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақ радиосының Әнуарбек Байжанбаев атындағы сыйлығының лауреаты.

Білімі жоғары, Алматыдағы Абылай хан атындағы Қазақ Мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің (ҚазМХҚӘ-

Керімбекұлы! Менің қиындықпен жеткен әрбір жетістігімде сол кісілердің өлшеусіз еңбегі мен қолтаңбасы жатыр. Сол үшін де ол кісілерге мәңгі қарыздармын. Қазақта «өзі болған қыз төркінін танымас» деген сөз бар. Менің ұшқан ұям - №12-ші И.В.Панфилов атындағы қазақ орта мектебі мен сондағы аяулы ұстаздарымжайлы айтпасама тағы болмайды. Олардың арасында алғашқы ұстаздарымыз - Баян Тастыбай келіні, Қалжан Мырзабекова (әруағы разы болсын!), Сұлхан Көпберенова (әруағы разы болсын!) және сынып жетекшілеріміз болған Гүлдәрі Бектасова, Ергешбай Тұрлыбековтерді ерекше атар едім.

Біз мектеп бітіргенде еліміз тәуелсіздік алып, аумалы-төкпелі заман болып жатты. Арман арқалап, алдымен 1991 жылы Түркістан қаласында ашылған Халықаралық



сам тағы да қой соңына жегіліп, қарайып қалам ба деген оймен Алаудың бектерінде қалып қойдым. Бір жыл «Келешек» Акционерлік қоғамында тас қалаушы болып жұмыс істедім. Келесі жылы Абылай хан атындағы Қазақ Мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің (ҚазМХҚӘТУ) ағылшын тілі факультетіне оқуға түстім. Жоғары білім алғаннан кейін 1998-2001 жылдары ҚазМХҚӘТУ-дің халықаралық қатынастар факультетінде ағылшын тілінің оқытушысы

кешті ЮНЕСКО деңгейінде ұлықтайтын да күн туар. Бұқаралық ақпарат құралдары болсын, фейсбук, әлеуметтік желілерде болсын Созаққа қатысты өзекті, келелі мәселелер көтеріп, туған жеріне деген шын жанашырлығын білдіріп жүретін жылы жүзді Жылбек бауырымыздың алар шыңы, бағындырар белестері әлі алда деп білемін.

**Мақсат ҚАРФАБАЙ,**  
ҚР Мәдениет саласының үздігі.

Ботулизм - жиі жағдайда жүйке жүйесін зақымдайтын, қазаға ұшырау мүмкіндігі зор, тағам арқылы улану ауруы. Осы ауруға жиі шалдығу қауіпі консервіленген тамақ өнімдерін жаппай пайдалану кезінде артады. Адамдардың көпшілігі өнімдерді (балық, ет өнімдерін, консервіленген көкөністер мен саңырауқұлақтар т.б.) үй жағдайында қысқа дайындағанда немесе осындай өнімдерді көшедегі рұқсат етілмеген сауда орындарына-

сырқатының арнайы белгісіне көздің көргіштігінің және жұтынудың бұзылу симптомдары жатады, көптеген жағдайларда аурудың алғашқы сағаттарынан бастап дамиды. Науқастар көз алдындағы «тұманға», «торға», «қылпыққа» шағымданады. Әдеттегі жазуларды оқуы қиындайды. Ботулизм кезінде температура көтерілмейді, жүрек айнуы, құсуы, іш өтуі сирек байқалады.

1.Көше саудасы орындарын-

## Ботулизм ауруынан сақ болайық!

на сатып алған кезде, оның өңделуі, консервілеу тәртібінің сақталмауы туралы ойлана бермейді. Осы жерде «неге консервілер ботулизмге себеп болды?» деген сұрақ туындайды. Ботулизм қоздырғышы – токсин, оттегі жоқ жерде кездеседі. Мұндай оттегісіз орта тұмшаланып жабылған банкілерде, қатты тамақ өнімдерінде (шұжық, тұздалған, қақталған, ысталған балық т.б.) болады. Сол үшін осындай өнімдерді үй жағдайында дайындау барысында даярлау технологиясына мұқият көңіл бөлу керек. Етті, балықты дұрыс өңдеу, саңырауқұлақтарды, көкөністерді, жемістерді топырақтан дұрыс тазарту, өнімдерді жоғары температурада қыздыру, қайнату, қуыру керек.

Ботулизм қоздырғышының токсиндері барынша күшті улардың бірі және олар ауру тудырады. Аурушаңдықты тудыратын қоздырғыштың ерекшелігі: ыдыстың ішінде токсин бір жерге немесе көкөніске ғана үйіліп, жиналуы мүмкін. Міне сондықтан да бір ыдыстан бірге жеген өнімнен (саңырауқұлақ, көкөніс, балық, ет) кейбір адамдар ауырып, кейбірі ауырмай жатады.

Уланудың алғашқы белгілері өнімді пайдаланғаннан соң 2-3 сағаттан кейін, кейде 7-12 күннен кейін пайда болады. Азаға түскен токсин («у») көбірек түскен сайын аурудың инкубациялық кезеңі де қысқарады және ағымы да ауырлай түседі. Улану көптеген белгілерімен бірінен кейін бірі жылдам әрі жедел туындайды - әлсіздік, бастың айналуы, бас аурулары басталады. Аурудың белгілері әртүрлі болып байқалады. Ботулизм

дағы жеке тұлғалардан үй жағдайында консервіленген өнімдерді (балық, ет өнімдерін, консервіленген көкөністер мен саңырауқұлақтар т.б.) сатып алудан аулақ болыңыз.

2.Тамақ өнімдерін сақтаудың температуралық режимін сақтаңыз (үй консервілерін 0-3 қС температурада сақтап, қақпағы көтерілген банкілердегі өнімді жойыңыз).

3.Үй жағдайында тамақ өнімдерін даярлау технологиясын қатаң сақтаңыз (шикізаттарды, банкілерді, азық-түліктерді жоғарғы қызумен өңдеңіз). Өнімді консервілеуде тұз, қант пен қышқылдың мөлшерін тек рецепт бойынша салыңыз. Бұл токсиннің жиналмауына себепші болады.

4.Ең бастысы, үй жағдайында әзірленген кез-келген көкөніс, жеміс-жидек, саңырауқұлақтар толығымен тазартылмайтынын естен шығармаған жөн. Ешқандай рецепт ботулиндік микробтардың пайда болуының алдын ала алмайды. Сондықтан үй жағдайында дайындалған өнімді пайдаланар алдында оны ыдысқа салып, 15-20 минут қайнату керек. Қайнату үрдісі пайда болған токсинді жойып жібереді. Өнімді пайдаланар алдында қайнату-ботулизмнің алдын алудың негізгі шарасы.

Ботулизмнің алғашқы белгілері пайда болған кезде өз бетіңізше емделмей, бірден медициналық көмекке жүгініңіздер! Сіздердің денсаулықтарыңыз бен өміріңізді дер кезіндегі кәсіби медициналық көмек қана аман сақтап қала алады!

**Х.ОСПАНОВ,**  
Созақ аудандық СЗББ басшысы.

## Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023-2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2024 жылдың қаңтарының 22жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.**

### Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарына бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуыңызға болады.

**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.**

## Хабарландыру

2024 жылғы 14 ақпанда сағат 15:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек ауыл әкімшілігі, Тайқоңыр ауылы, Тұлпар көшесі, 1 ғимарат, «Демур» мәдениет үйінде, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ «№ 3 учаскедегі «Инкай» уран кен орнындағы тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасы» экологиялық бағалау материалдарымен (қоршаған ортаны қорғау бөлімі, рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, іс-шаралар жоспары, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы) бойынша ашық отырыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар ZOOM бағдарламасы арқылы өткізіледі. Онлайн байланысқа сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09&omn>

Әсер ету аймағы: Түркістан облысы, Инкай кен орны. №3 учаске.

Жоба материалдары [www.ecoportal.kz](http://www.ecoportal.kz) сайтында, сондай-ақ «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» жергілікті өзін-өзі басқару ұйымының сайтында орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Жоспарланған іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін тел.: 8 702 000 17 60 электрондық пошта арқылы алуға болады.

Мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Бірыңғай экологиялық порталдың <https://ecoportal.kz/> веб-сайтына және қағаз немесе электронды түрде электрондық пошта арқылы Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 27; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: [a.shymabekova@ontustik.gov.kz](mailto:a.shymabekova@ontustik.gov.kz) адресі бойынша «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жібере алады.

Жобаны әзірлеушінің мәліметтері мен байланыс деректері: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ-сы Бегенбай батыр к-сі 168, тел.: +7 (702) 6127738, БСН 020240001938, [y.nikitina@iht.kazatomprom.kz](mailto:y.nikitina@iht.kazatomprom.kz).

Жоспарлы іс-шараның бастамашысы Тапсырыс беруші: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ, БСН 970240000816; Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ-сы, Есілауданы, Сығанақ к-сі, ғимарат 17/12; Бектенов Руслан Ширязданұлы, тел. 8 (707) 755-99-97, e-mail: [rbektenov@kazatomprom.kz](mailto:rbektenov@kazatomprom.kz).

## Сыбайлас жемқорлықтың алдын алайық!

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпебет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

**Х.ОСПАНОВ,**  
Созақ аудандық СЗББ басшысы.

## Объявление

14 февраля 2024 г., в 15:00 часов, по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п. Тайконыр, улица Тұлпар здание 1 Дом Культуры «Демур», АО «НАК «Казатомпром» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Проект опытно-промышленной добычи на месторождении урана «Инкай» участка №3» с материалами экологической оценки (Раздел охраны окружающей среды, Проект нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, План мероприятий, Программа производственного экологического контроля).

В случае введения карантинных мер общественные слушания будут проходить посредством программы «ZOOM». Ссылка на онлайн-подключение:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09&omn>

Территория воздействия: Туркестанская область, Месторождение Инкай участок №3.

Материалы проекта размещены на сайте <https://ecoportal.kz/>, также на сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по эл. адресу: тел.: 8 702 000 17 60.

Заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайт ЕЭП <https://ecoportal.kz/> и в бумажной или электронной форме на эл. адрес: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», Туркестанская область, г.Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: [a.shymabekova@ontustik.gov.kz](mailto:a.shymabekova@ontustik.gov.kz).

Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «Институт высоких технологий», г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 168, тел.: +7 (702) 6127738, БИН 020240001938, [y.nikitina@iht.kazatomprom.kz](mailto:y.nikitina@iht.kazatomprom.kz).

Инициатор, намечаемый деятельности Заказчик: АО «НАК Казатомпром», БИН 970240000816; Республика Казахстан, 010000 г. Астана, район «Есиль», ул. Сығанақ, строение 17/12; Бектенов Руслан Ширязданович, тел. 8 (707) 755-99-97, e-mail: [rbektenov@kazatomprom.kz](mailto:rbektenov@kazatomprom.kz).

## Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті

«Коррупция» термині латын тілінің «corruptio» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекетіміздің организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздікті білдіреді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз.

Халықаралық қоғамдастық және көптеген мемлекеттердің үкіметтері жемқорлық процестері қоғамда ауқымды негативті факторлар туғызатынын ертеден анықтаған.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мемлекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады.

**Қ.КУЛУМБАЕВ,**  
Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы, майор.

## Бастаған істі аяғына дейін жеткізу-өмірлік қағидасы

Сәдуақас шопан отбасында өсті. Сондықтан болар шаруаға өте бейім болды. Ат жалын тартып мінген күннен бастап әкесіне көмектесіп, отар қойды шыр көбелек айналдырды. Таңертең ерте тұрып атын ерттеп, малды өріске беттетіп кететін. Сырттай қарап тұрған Қаржаубай әкесі оған сүйсіне, мейірлене қарайтын.

Сол Сәдуақас Қымкент ауыл әкімшілігіне қарасты Қызылкөл елді мекеніндегі М.Әуезов атындағы орта мектепті бітірді. Әскерге барғанға дейін әкесіне көмекші шопан болды. Жаздың аптапты ыстығында Жонның бойында, қыстың қытымыр аясында Үшкөкшенің құмында қой жайды. Кеңшардың маңдай алды шопаны Қаржаубай Бәйтенев ұлын шаруаға баулып, осы кәсіптің қыры мен сырын үйретуден жалыққан жоқ. Оның үстіне Сәдуақастың шопандық кәсіпке бейімділігі әкесінің жүрегіне жылылық нұрын қйды.



Ерінбей ұлын қасына ертіп алып, мал өрісімен, кең жайлаумен таныстырды. Төрт түліктің қай кезде жайылатынын, қандай жағдайда қоңы жоғары болатынын үйретті. Әсіресе жас қозылардың бабын табу жолдарын бүгі-шігесіне дейін көрсетіп, тәжірибесін баласының бойына сіңірді.

Азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін Сәдуақас екі жылдай әкесіне көмекші шопан болды да бір күні әкесіне: «Әке, мен Қаптанбектегі зоовет техникумға түсудив жоспарлап отырмын. Сіз бұл ойыма қалай қарайсыз? - дегенді. Әкесі: «Жарайды, балам өзің мал шаруашылығының біраз нәрсесін үйреніп қалдың. Енді сол саланың маманы боламын деген ойыңды мен құптаймын», - деді.

Әкесінің батасын, ыстық ықиласын алған Сәдуақас аталған оқу орнының ветеринария факультетіне түсті. Өндірістен қол үзбей жүріп оқып, техникумды бітірді. Теорияның білім негізін алған жас маман әуелгіде веттехник болып еңбек жолын бастады.

Бертін келе Шолаққорған ауылына көшіп келіп, кіші мал дәрігері мамандығын жалғастырды. Қазір аудан орталығында осы кәсібін абыройымен атқарып келеді.

Сәдуақас Қаржаубайұлын күнделікті қызметке кетіп бара жатып жиі кездестіремін. Иығында дәрігерлік сөмкесі ылғи да асығыстап бара жатады. Айтатыны: «Аға, біздің жұмыс осындай бір кісінің сиыры ауырып қалған екен. Соған кетіп бара жатырмын», - дейді.

Енді бірде тағы да велосипедпен асығып кетіп бара жатқанын кезіктіремін. Бұл жолы да ауылдың бір тұрғынының жылқысы ауырып қалғанын айтты.

Үнемі арнаулы құралдарын сөмкесіне салып алып, жұмыс-жұмыс деп шапқылап жүретін Сәдуақас өте елгезек жан.

Тәуліктің қай мезгілі болса да шақырған ауыл адамдарының өтінішін қанағаттандырып жүретін мал маманы көпшіліктің құрметіне бөленген азамат. Еткен еңбегіне алған марапаттары да жетерлік.

Мұны ол өзінің қызметі деп түсінеді. Талай кісілердің ауырған малдарын емдеп, аяғынан тұрғызды.

С.Бәйтенев мал дәрігерлік қызметпен бірге өзіне өнерді де серік еткен. Табан астында бір-екі шумақ өлең құрастыра салатын да қасиеті бар. Кезінде марқұм Қаржаубай көкеміз де осындау суырып салып айтатын кісі-тін. Мұндайда «Әке көрген-оқ жонар» деген тәмсіл еске түседі.

Бастаған істі аяғына дейін жеткізу-оның басты қағидасы. Сөз соңында Сәдуақасқа еткен еңбегінің жемісін көре бер деген ағалық тілегімді арнағанды жөн санадым.

**Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.**

Үнемі игі істердің ортасында жүретін Баттал ағамен танысып, білісудің осыдан біраз жылдар бұрын сәті түскен еді.

Өзі жайлы, өмірдегі туралы осы жүздесуде сыр тарқатқан болатын. Ол 1953 жылы 8 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Дермене ауылында дүниеге келіпті. Орта мектептің табалдырығын Шолаққорған ауылындағы Б.Алтынсарин атындағы орта мектепті бір мың тоғыз жүз алпысыншы жылы аттап бір мың тоғыз жүз жетпісінші жылы білім ұясын бітірді.

Осы жылы Қазақ ауылшаруашылығы институтының



орнатып, спорттық жарыстар, ән-күй, терме іс-шараларын ұйымдастыруға ұйытқы болды.

Баттал Нұрманұлы қазір зейнет жасында болса да тынымсыз еңбек үстінде. Бабалардан қалған көне жәдігер «От қала Баладж-Темір тонды Өтеміс батыр» тарихи шығарма жазумен айналысуда.

Б.Нұрманұлы қызмет еткен кезінде білімді басшы, алғыр ұйымдастырушы, іскер кәсіпкер, тәуелсіз энергетикалық сарапшы екенін таныта білген азамат.

Қарамағындағы ұжымдас-тарына сарапшылық техникалық білімін, еңбек өнімді-

## Батталдың өмік белесі

ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетіне оқуға түсті. Бес жылдан кейін аталған оқу орнын инженер-электрик мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын, Созақ ауданы, Калинин кеңшарында электрик болып бастады. Екі жылдан кейін Шымкенттегі «Фосфор» өндірісінде электр цехта шебер болды. Одан соң ҚазССР ИМ-де инспектор қызметіне ауысты. Бөген ауданы, Киров кеңшарына бас энергетик болып тағайындалды. Қызметін әрмен қарай жалғастырып Шолаққорғандағы сол кездегі «Облсельхозэнерго» мекемесіне бастық болып келді. Сосын Бөген аудандық «Сельхозэнерго» кәсіпорнында аға инженер қызметіне ауысты. Кейін осы аудандағы тұрғын үй, коммуналды шаруашылық кә-

қытқа дейін тәуелсіз энергетикалық сарапшысы, «Қуат-сараптама» жауапкершілігі серіктестігінде директор болып жұмыс жасап келеді.

Баттал ағамыз қоғамдық жұмыстардың үнемі бел ортасынан табылып, белсенділік танытып жүр. Екі мың он тоғызыншы жылдан бері ол «Nur-Quat» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Ел игілігі үшін көптеген игі шаралар атқаруда. Атап айтқанда, Баба Түкті Шашты Әзіз кесенесіне досымен бірлесіп, 10квт электр желісін тартып, КТП-10/0,4квт орнатып берді.

Шолаққорғандағы «Мың-жылқы» мәдениет сарайында, Темірланда, Сарыағашта, Шымкент қаласында «Нұрман молда Нұрманханұлына 100 жыл» облыс имамдарының құранды жатқа оқудан жарыс өткізді.

лігін арттыруға талап қоя білген басшы.

Ол сондай-ақ, ұлттық салт-дәстүрді, жастарды салауатты өмірге тәрбиелеуде, туған жерге тағзым, тарихи мұралармен бабаларымыздың өрлік істерін насихаттау жұмысына белсене қатысып жүр.

Баттал Нұрманхан кезінде Темірлан селолық кеңесіне бес жыл депутат, аудандық атқару комитетінің мүшесі болған.

Энергетика саласында басшылықтан бірнеше Құрмет грамоталар мен Алғыс хаттар алған. «Халық құрметі», «Еселі еңбегі үшін» орден, медаль иеленген.

Жанұясында зайыбымен бірге 2 ұл, 6 қыз өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған елге сыйлы әке.

Баттал ағамыз жетпіс



сіпорнында бастық болды.

Созақ «Агропромэнерго» кәсіпорнында электромонтаж бөлімінің бастығы, осы кәсіпорында директор болып қызмет атқарды. Оңтүстік Қазақстан облысы «Госэнергонадзор» мемлекеттік мекемесінде аға инспектор қызметінде болды. Екі мың төртінші жылдан осы уа-

Сондай-ақ, Шолаққорғанда сыныптасы, марқұм-Дүйсенбеков Нұртаза Әбдуәліұлының 60 жылдығына арнап, қазақша күрестен республикалық жарыс ұйымдастырды.

Қасиетті Қаратаудағы Келіншеқтау баурайында Төртші ата жұртының орнына «Туған елге тағзым» бекетін

жасқа келіп, мерей биігіне шығып отыр. Жеті немеренің атасы.

Өнегелі өмір жолымен кейінгі жастарға ізгі жол салып келе жатқан ағамызға мықты денсаулық, отбасына амандық пен бірлік пен береке тілейміз.

**С.ТЕҢІЗБАЕВ.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
Бакытжанович

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы:  
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:  
Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайнер-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терішші-  
Багила АЯЗБАЕВА  
Фототілші-  
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.